

МРНТИ 18.31.31

**М.М. Келсінбек**

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
Өнертану магистрі, Алматы, Қазақстан  
email: [moldir\\_18-95@mail.ru](mailto:moldir_18-95@mail.ru)

## **АБАЙ ПОРТРЕТІНІҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ШЕШІМІ**

**Аңдатпа.** Мақалада жас суретшілердің Абай портретін бейнелеудегі көркемдік ерекшеліктері айқындалды. Аға буын өкілдерінің кескіндемелік туындыларындағы Абайдың портреттік шешімі туралы ғылыми деректер келтірілді. Абай бейнесіне арналған туындыларға салыстырмалы талдау жүргізілді.

**Кілт сөздер:** портрет, композиция, иллюстрация, форма, ырғақ, тұлға.

### **Кіріспе.**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» [1] - деген болатын. Демек, рухани жаңғыруда тарихи тұлғалардың алатын орны ерекше. Суретшілеріміздің өз заманының ұлы тұлғаларын бейнелеу арқылы келешек ұрпаққа жаңғыру үдерісін үздіксіз кенеп бетіне түсіріп отқаны белгілі.

Қазақтың ұлы тұлғаларының бірі, ақын – Абай Құнанбайұлының портретін әрбір Қазақстандық суретшілердің шығармаларынан кездестіруге болады. Жалпы тек әдебиетте ғана емес, ақынның бейнелеу өнерінің портрет жанрында да өзіндік орны мен көркемдік образы қалыптасты.

Бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отырған Абай бейнесін бұған дейін де зерттеп, бейнелеу өнерінде алатын орны орасан зор екенін аға-буын суретшілерінің туындыларынан білеміз. Мәселен, Ү.А. Ибраева Абай қорық-музейінің аға ғылыми қызметкерінің «Абай әлемі - бейнелеу өнерінде» атты мақаласында «Абай тақырыбы бой көрсетпеген жанрды табу қиын: ол портретте, пейзажда, тақырыптық композицияда, иллюстрацияда көркемдік шешім тапқан» - деп негізгі дәлелдемелерге сүйене отырып қарастырған.

Үмітқайша Ибраева өз зерттеулерінде Абай бейнесін суреттеген қылқалам шеберлері туралы мынадай қызықты ақпарат қалдырған «Музей қорындағы бейнелеу өнері туындыларының ішіндегі өзінің көркемдігінен гөрі тарихи құндылығы басым экспонатты да атап өту қажет. Ол - Абайдың көзі тірі кезінде салынған портреті. Портреттің авторы Семейге саяси қуғынмен келген Павел Дмитриевич Лобановский. Ол Дондағы Ростов қаласынан «саяси сенімсіз» ретінде Дала өлкесі генерал-губернаторының қарамағына айдауға жіберілген болатын. 1884 жылдың тамыз айынан бастап Семей қаласында тұрды. Абай ауылына барғаны туралы құжаттар бар».

П.Д. Лобановский кәсіби суретші болмаса да, жергілікті тұрғындардың портреттерін салып жүрген. 1887 жылы Оралда өткізілетін өндіріс көрмесіне «Семей облысы

қазақтарының типтері» атты портреттер сериясын дайындағаны белгілі. Осы циклда VI-сурет – Абайдың портреті. Лобановскийдің қазіргі уақытқа дейін 7 суреті сақтаулы, солардың бірі – ұлы ақынның қарындашпен салынған портреті. Уақыттан сарғайған қалың қағазға жай ғана қарындашпен салған портреттің маңызы зор, себебі ол Абайдың көзі тірі кезінде салынған жалғыз портрет» [2] - дейді автор.



**П.Д. Лобановский. «Абай» 1887ж.**

Мұндай ақпараттың болуы тіпті кәсіби суретшілермен қатар әуесқой суретшіге де Абай болмысы ерекше ықылас пен шабыт қалдыруынан деп білеміз.

Кескіндеме саласы бойынша Абай портретін жазған суретшілерді атап айтатын болсақ: Н.И. Крутильников «Абай жұмыс үстінде» 1923ж, Ә.Қастеевтің «Бала Абай», «Жас Абай» 1945ж, «Абай», Б.Сәрсембаев «Абай», С. Айтбаев «Абай» 1994ж, Нағымбек Нұрмұхаммедов «Абай Құнанбаевтың портреті» 1971ж., Тоғысбаев Т «Абай», К.Телжанов «Абай», С.Айтбаев «Абай портреті» 1994 ж, Қайрамбаев Ж. «Менің Абайым» 1992ж, Әли Бактыгереев «Абай» 2014ж, Т.Қожағұл «Абай портреті» және т.б.

Жалпы Абай портретіне талдау жасаған бірқатар өнертанушылардың еңбектерін кездестіруге болады. Өнертанушы О.Калкатынаның «Shahar-Культура» журналында «Образ Абая в изобразительном искусстве Казахстана» атты мақаласы жарық көрді. «Суретшілер Әбілхан Қастеев және К.Ходжиков шығармашылықтарындағы Абай портретінің кескіндеме саласында салған туындыларына тың зерттеулер жүргізе отырып, салыстырмалы талдау жасаған» [3. 133 б]. Абай образы бейнелеу өнерінде суретшілер мен қатар өнертанушыларды да бей-жай қалдырмайтыны ғылыми зерттеулері дәлел.

Жас суретшілердің шығармашылықтарында Абай портретінің орын алуы бейнелеу өнерінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұл қазақтың бас ақынының 175 жылдық мерейтойына тұспа- тұс келуі үлкен мәртебе.

Абай портреті бүгінгі XXI ғасырда да бейнелеу өнерінде үлкен абыройға ие. Себебі, тақырып жас суретшілерімізді де қаперсіз қалдырмайтынын шығармаларынан көре аламыз. Қазіргі таңда Абай портретін композициялық жағынан көркемдеп, өзіндік жаңа стильде бейнелеп жүрген жас суретшілер де баршылық. Бұл дегеніміз – Абайдың шығармалары мен тұлғалық болмысы уақыт өте келе адамзат баласының рухани жаңғыруда әлі де өзектілігінен айырылған жоқ. 2018-2019 жылдарда ақынның бейнесі туындыларда қайта жаңғыруда. Соңғы жылдары Абай портретін салушы жас суретшілердің жаңа жұмыстары қатарында Нурбол Нұрахметтің «Абай бөлмесі» (2018ж) және Өркен Аяттың «Абай» портретін (2019ж) атап өтуге болады.



**Өркен Аят. «Абай» 2019 ж.**



**Нурбол Нұрахмет «Абай бөлмесі» 2018 ж.**

Жас суретші Нурбол Нұрахмет Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Сан Франциско өнер академиясы университетінің түлегі. Жас суретшінің «Абай бөлмесі» (2018ж) туындысына ерекше ықылас таныта отырып, суретшінің әлеміне еруге болады. Заманауи суретші ретінде Абай образын өзіндік ешкімге ұқсамайтын қолтаңбамен салған.

Туындыны тамашалаған бақылаушыны таңғалдырып, оны тұңғыық терең ойға батырады. Бір қарағанда картинадағы композициялық құрылымы күрделі болып көрінеді. Бұл туындыны оқу үшін ішкі түйсіктің әлемі аздық етеді. Суретші Абайдың бейнесі арқылы ақынның философиялық әлеміне шолу жасап шығады.

Туындыдағы кеңістікте бейнеленген дене тәні мен ішкі жан дүниесінің бір-біріне деген қатынасын суық түстер арқылы көрсетеді. Композициядағы негізгі түстер кою көк, көгілдір, қызғылт, сұрғылт, ақшыл түстердің өзара үйлесімі арқылы шешілген. Картинадағы түстер арқылы салқынғандылықты байқауға болады. Суретшінің форма мен

фигураны шығаруда, әрбір нәрсенің детальдарының көлемін барынша айқын етіп көрсетудегі ізденісін байқауға болады. Бөлмеге түскен жарық біртіндеп күңгірттеніп, бұлдырлана түседі. Бұл суретшінің жағыстарының біркелкі ритммен шешілген техникасы арқылы көрінуде.

Картинаның ортаңғы бөлігінде Абайды бөлменің нақ орталық нүктесіне бейнелеп, ондағы заттық әлем арқылы білімге, еңбекке, қоғам мен дүниеге деген көзқарасын мүмкіндігінше философиялық ойларын жасанды форма арқылы суреттеген.

Суретші бұл шығармасында ең бірінші композициялық құрылымына үлкен мән беру арқылы Абай бөлмесіндегі дене пішіндеріне айрықша назар аударған. Жасанды форма ондағы гипстен жасалған, бөлме ішіндегі сөрелерде орналасқан оң қапталдағы гипстен жасалған адам бас сүйектері, артқы фонында орналасқан гипстен жасалған жылқының бастары, сондай-ақ алдыңғы планда орналасқан адам тұлғасының мүсіндерін жатқызамыз. Бейнелеу өнеріндегі заңдылықтарды пайдалана отырып, мүсін өнерінің шынайы кескінделген пішінін көрсету мақсатында жарықты қолданған.

«Абай бөлмесі» туындысындағы суретші шеберханасын үлгі етіп алуы, ақынды көрерменге тіке көзқарастық бағытын беріп, бөлменің қақ ортасына отырғызуы ұлы тұлғаның даналығын композициялық шешімді ұтымды ойластырған. Тіпті жұмыстың тақырыбын «Абай бөлмесі» деп алуы ақынның әлеміне терең үңілгені айқындала түседі.

Қазіргі таңда қалыптасып келе жатқан жас буын өкілі суретші Өркен Аят

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының 1-курс студенті. Жетекшісі белгілі суретші, Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі Жұмақын Қайрамбаев. Жас суретші Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі Әли Бактыгереевтің «Абай» (2014ж) портретін өзінің жұмысына үлгі етіп «Абай» портреті туындысын салып шыққан. Екі еңбектің Абай бейнесінің бет-пішіні мен картинадағы артқы фонның элементтерінен ұқсастық байқалады. Туындылар құрылымдық жағынан өзара ұқсас болғанымен, түстік үйлесімнен айырмашылық сезіледі. Осындай қылқалам шеберінің жұмысына еліктеп, өзінің кәсібилігін шыңдау мақсатында негізгі ойды ала отырып жас суретші Өркен өзінің жұмысындағы көркемдік ерекшеліктеріне мысал келтірсек.

Портреттік шешімде адамның бет-бейнесі басты орын алғандықтан жас суретші Абайдың бет-бейнесіне аса мән береді. Әли Бактыгереевтің картинасында Абайдың образы белге дейін толықтай бейнеленген. Ал жас суретші Абайды кеуде тұсына дейін бейнелеген. Портреттің артқы фонындағы симметриялық өрнектерді реттілікпен орналастыру арқылы шығарма көрушіге әсерлі жеткізілген. Туындыдағы бояулар сол әсерді күшейте түсуде. Осы тұста «Суретші картина арқылы Абайдың болмысын жеткізе алды ма?» – деген сұрақ туындайды. Қылқалам иесі жас болсада өзінің еңбегінде ұлы тұлғаның образын аша білген деп ойлаймын. Себебі, ақын көзқарасының ойлы көздерінен ойшыл, әрі ұстамды тұлға екенін аңғаруға болады. Тіпті алып тұлғасының өзін иықтары арқылы көрсеткен. Кең маңдайлы, қыр мұрынды, жіңішке қасты ақын бейнесінен жас суретшінің жалпы негізгі детальдардан ауытқымауға тырысқанын байқаймыз. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының V томында Абайдың портреттік шешімін былай суреттеген: «Енді бір кезекте жандарал Абайға тақап келіп еді. Оның мойнындағы знагы, үстіндегі оқалы шапаны жоқ. Бірақ, қалаша, сыпайы, сұлу тігілген ұзын бешпет, жұқа сұр шапаны бар. Келбетті жүз, ойлы пішінді Абай, бұның қасына жандарал келгенде, еркін, маңызды тұрған қалыппен, титтей де өзгерген жоқ. Жандарал бар қазақтың тобынан басқарақ ажары, келбеті бар бұл қазаққа, бір секундке таңырқағандай көз тастады. Абайға да бас иіп, қол созып амандаса берді. Сол кезде Абай да салмақты сыпайылықпен, тәрбие адамның қозғалысын жасап бас иіді»[4, 378 б] - деген мәтін жолдарына көз жібертсек. Шығармадағы Абай портретінің сыртқы образындағы шапаны сонымен қатар бет-бейнесін бейнелеу суретшілердің картиналарында да осындай элементтер кездестіруге болады.

Қорытындылай келгенде, қазіргі таңда жас суретшілердің заманауи көзқарастарынан туындаған портреттік шығармаларда композициялық құрылымы мен түстер үйлесімі жағынан аға-буын суретшілерден өзгешіліктері бар. Қазақтың ұлы тұлғаларын портреттерін бейнелеуде фотосуреттерге, жан-жақты мағлұматтарды зерттеп әдеби кітаптардағы портреттік сипаттамаларға мән беріп нақты дәлелдемелерге сүйене отырып, көркемдеп жазуды алға тарту. Тұлғалардың бейнесін салуда жас суретшілерімізге көркемдік ерекшелікті ұстана отырып, бейнелеу өнеріндегі портреттік шешімдеріне баса назар аудару екенін түсіндіру.

**М.М. Келсинбек**

научный сотрудник отдела изобразительного искусства Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова КН МОН РК,  
Магистр искусствоведение, Алматы, Казахстан  
*e-mail: [moldir\\_18-95@mail.ru](mailto:moldir_18-95@mail.ru)*

### **ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ ПОРТРЕТА АБАЯ В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ**

**Резюме.** В статье автор исследует художественные особенности молодых художников, которые писали портреты Абая. Были проведены научные данные о портретном решении Абая в живописных произведениях представителей старшего поколения. Проведен сравнительный анализ произведений посвященный образу Абая.

**Ключевые слова:** портрет, композиция, иллюстрация, форма, ритм, фигура.

**М. Kelsinbek**

M. O. Aueзов Institute of literature and Art,  
master's degree in Art Алматы, Kazakhstan  
*e - mail: [moldir\\_18-95@mail.ru](mailto:moldir_18-95@mail.ru)*

### **ART DECISION OF ABAYA PORTRAIT IN FINE ART**

**Summary.** In the article, the author explores the artistic features of young artists who painted portraits of Abay. Scientific data on the portrait decision of Abay in the paintings of the older generation were carried out. A comparative analysis of the works dedicated to the image of Abay is carried out.

**Keywords:** portrait, composition, illustration, form, rhythm, figure

#### **Әдебиет**

1. Назарбаев Н. (2017). Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) 12 сәуір (қаз)
2. У.А.Ибраева. <https://abaialemi.kz/kz/post/view?id=1046> (қаз)
3. Журнал «Shahar- Культура» № 3 (11) 133 б. (2016). (орыс)
4. Әуезов М. (1980) Абай жолы роман-эпопея V том «Жазушы» баспасы Алматы (қаз)
5. 100 шедевров искусства Казахстана. (2009). Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы ИД «Жибек жолы», – 264 с. (орыс)
6. Барманкулова Б. (2012). Қазақстан портретіне 100 жыл. – Алматы (қаз)
7. Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр – Алматы, 2001. 332 с. (қаз)

#### **Литература**

1. Назарбаев Н. (2017). "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" // [http://www.akorda.kz/en/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/en/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) 12 апреля (қаз)
2. У.А.Ибраева <https://abaialemi.kz/en/post/view?id=1046> (қаз)
3. Журнал "Шахар-Культура" № 3 (11) 133 стр. (2016). (рус)

4. Ауэзов М. (1980) Путь Абая роман-эпический том V издательства "Жазушы" Алматы (каз)
5. 100 шедевров из Казахстана. (2009) .Живопіс. Скульптура. Графика. - Алматинский ИД "Шелковый путь", - 264 с. (рус)
6. Барманкулова Б. (2012). Портреты Казахстана 100 лет. - Алматы (каз)
7. Изобразительное искусство Казахстана. XX век - Алматы, 2001. 332 с. (каз)

## References

1. Nazarbayev N. (2017). Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity// [http://www.akorda.kz/en/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](http://www.akorda.kz/en/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) April 12 (Kaz)
2. A. A. Ibraeva <https://abaialemi.kz/en/post/view?id=1046> (kaz)
3. The journal "Shahar-Culture" No. 3 (11) 133 pp. (2016). (Rus)
4. Auezov M. (1980) Place Abay in the novel and epic volume "Writer" in Almaty (kaz)
5. 100 masterpieces from Kazakhstan. (2009) .Живопіс. Sculpture. Graphics. - Almaty I.D. Silk Roads, 264 p. (Rus)
6. Barmankulova B. (2012). Portrait of Kazakhstan 100 years - Almaty (kaz)
7. The graphic image of Kazakhstan. 20th century - Almaty, 2001. 332 s. (Kaz)